

Т.Қ. Жүргенов атындағы Қазақ ұлттық өнер академиясының докторанты Еспенова Айгерим Турсыновнаның «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» тақырыбындағы 6D041600 – Өнертану мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін даярлаған диссертациялық жұмысы туралы

## ПІКІР

Докторанттың «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» атты диссертациялық жұмысында сәндік-қолданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың сабақтастығы, тарихи даму негіздері мен шеберлер шығармашылығындағы жаңашыл ізденістері кеңінен зерттелген.

Зерттеу жұмысының ғылыми тұжырымдарында, нәтижелер мен қорытынды жасау барысында алыс және жақын шетел ғалымдарының, казак өнертанушылары, мәдениеттанушылары мен философтарының ой-пікірлерін ұтымды түрде пайдаланып, алға қойған ғылыми мақсат, міндеттерінің орындалуына қол жеткізген.

Оның өнертанушыға тән ой қорытуы, өз көзқарасын дәлелдеуге деген талпынысы жұмыстың үш бөлімінен де анық көрінеді. Өзі дйттеген мақсатқа жетіп, әр бөлім бойынша білікті талдаулар жасап, нақты ой-тұжырым білдірген. Қазақ сәндік-қолданбалы өнерінде қазіргі таңда жүріп жатқан үдерісті сипаттап, шеберлердің жаңа ізденістен туындаған шығармаларындағы дәстүрдің трансформациялануын қарастыруы да зерттеудің көкейкестілігін арттыра түседі.

Ізденуші А. Еспенова казак сәндік-қолданбалы өнерінің заманауи көркемдік шешімдерін талдау, салыстыра суреттеу, ғылыми жүйелеу, герменевтикалық, семиотикалық әдістерін қолдану арқылы мынадай ғылыми нәтижелерге қол жеткізген:

- Өнердің объектісі ретінде алынған сәндік-қолданбалы өнердің «дәстүр», «жаңашылдық», «сәнді», «қолданбалы» түсініктеріне ғылыми-теориялық анықтама берілген;
- Сәндік-қолданбалы өнердің эстетикалық-көркемдік ерекшеліктері қолөнердегі пішін, бейне, материал ретінде қарастырылып, оның көркемдік стильдері айқындалды. Дәстүрдің даму орталығы эстетикалық, рухани-адамгершілік, ұлттық этикалық құндылықтардың қазіргі заманауи шығармашылықта жаңаша ұғынылуы қарастырылған;

- Дәстүрлі сәндік-колданбалы өнердегі кеңістік пен уақыт құрылымының көркемдік шешімінің символдық маңызы айқындалған;
- Қазақстанның колөнерінің дамуы дәстүрлі әдістер мен формалаудағы жаңашыл ізденістердің өзара байланысы арқылы, сонымен қатар сәндік-колданбалы өнердің дамуының кезеңдері инновациялық ерекшеліктері тұрғысында қарастырылған;
- Тәуелсіздік жылдардағы Қазақстанның сәндік-колданбалы өнерінде дәстүр мен жаңашылдық материалдық, көркемдік шешімдеріндегі сабақтастығы айқындалып, олардың Қазақстан сәндік-колданбалы өнеріндегі жаңаша тенденциялары ашылған;
- Қазіргі сәндік-колданбалы өнері әлемдік тәжірибелерді замануи өнер туындыларына пайдалану және казак дәстүрлі өнерді жасаушы жас өнер шеберлерінің туындыларына талдаулар жасалынған.

Диссертант өзге ғалымдар мен зерттеушілердің ой-пікірлерімен шектелмей, өзіндік көзқарасын да білдіріп отыруы, ол пікірлерінің өнертану ғылымында қалыптасқан ортақ ұстанымдарға қайшы келмейтіндігі – бұл еңбекті жоғары бағалауға мүмкіндік береді. А.Еспенованың қол жеткізген нәтижелерінің ғылыми негіздемесі сапалы, өнертану теориясындағы соңғы жетістіктерді біліктілікпен пайдалана білген, әлемдік тәжірибеден өткен зерттеу әдістерін жетік меңгерген. Диссертациялық зерттеу сауатты жүргізілген, диссертанттың баяндау тәсілі жүйелі және түсінікті ғылыми тілде жазылған.

Тілі жатық, сауатты, айтар ойы айқын жазылған «Тәуелсіз Қазақстанның сәндік-колданбалы өнеріндегі дәстүр мен жаңашылдықтың өзара байланысы мәселелері» атты диссертациялық жұмыстың авторы, докторант Айгерим Еспенованы 6D041600 – «Өнертану» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайықты деп есептеймін.

Пікір білдіруші,

Абай атындағы педагогикалық  
университеттің профессоры,  
Қазақ дизайнерлер одағының мүшесі,  
өнертану кандидаты  
*akba80@mail.ru*



*K.K. Murataev*

